

*Акционерлердің кезектен тыс  
жалпы жиналысының шешімімен  
Б Е К І Т І Л Г Е Н  
23.05.2008  
№ 01-2008 хаттамасы*

**«ЗАҢҒАР»  
Қазақ Республикалық Сауда Үйі»  
акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ**

**Қазақстан Республикасы  
2008 жыл**

## **1. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ**

**1.1.** Қоғамның қазақ тіліндегі атауы: “ЗАНҒАР” Қазақ Республикалық Сауда Үйі” акционерлік қоғамы, қысқаша атауы: “ЗАНҒАР” ҚРСУ” АҚ; орыс тіліндегі атауы: Акционерное общество "Казахский Республиканский Торговый Дом "ЗАНГАР", қысқаша атауы: АО "КРТД "Зангар".

**1.2.** Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қ-сы, Абылай хан даңғылы, 62.

## **2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

**2.1.** Бұдан әрі “Қоғам“ деп аталатын, “ЗАНҒАР” Қазақ Республикалық Сауда Үйі” акционерлік қоғамы заңды ұйым болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

**2.2.** «Занғар» Қазақ Республикалық Сауда Үйі акционерлік қоғамы «ТАУ ОРДА» акционерлік қоғамы қосылу жолымен қайта құрылған. «Занғар» ҚРСУ акционерлік қоғамы «ТАУ ОРДА» акционерлік қоғамның барлық несиегерлері мен борышкерлеріне қатысты барлық құқықтары және тараптар дауласатын міндеттемелерін қоса алғанда міндеттелемері бойынша құқықтық мұрагері болып табылады.

**2.3.** Қоғамның қаржы және өндірістік қызметі шаруашылық жағынан дербестік негізінде жүзеге асырылады.

**2.4.** Қоғамның дербес балансы, банкілік және өзге де шоттары, атауы жазылған мөрі бар.

**2.5.** Қоғамның үлгілері заңнамалық тәртіппен бекітілетін және тіркелетін тауарлық белгісі мен рәмізі бар сәйкес.

**2.6.** Қоғам қызметінің мерзімі шектелмей құрылып отыр.

## **3. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ**

**3.1.** Қоғам қызметінің негізгі мақсаты кіріс табу болып табылады:

**3.2.** Қоғам қызметінің мәні:

- тұтыну нарығын халық тұтынатын тауарлармен қанықтыру үшін өндірістік-сауда кешенін құру мен дамыту;
- бөлшек, тұтас және комиссиялық сауданы ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдарға арналған қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет;
- өндірістік-коммерциялық қызмет;
- Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдарға арналған қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметтер.

**3.3.** Қоғамның жүзеге асырылуы лицензияның бар болуын талап ететін қызметін Қоғам лицензияларды алғаннан кейін жүзеге асырады.

## **4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТІЛІКТЕРІ**

**4.1.** Қоғамның Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен кезделген құқықтары мен міндеттіліктері бар.

**4.2.** Қоғам өзінің акционерлерінің мүліктерінен айрықша мүліктерге ие болады, және олардың міндеттіліктері бойынша жауапкершілікте болмайды. Қоғам өзіне тиеселі барлық мүліктерімен өзінің міндеттіліктері бойынша жауапкершілікте болады.

**4.3.** Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасасып, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алып және жауапкершілікте болып, сотта талап қоюшы немесе жауап беруші ретінде шығып сөйлеп, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жүзеге асыра алады.

**4.4.** Қоғам Қазақстан Республикасының аумағындағы және шет елдердегі меншіктің барлық нысандарындағы басқа заңды тұлғалармен бірге бірлестіруге кіруге, Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы және шет елдердегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрылтайшысы, қатысушысы болуға құқылы.

**4.5.** Қоғам шет елдерде шаруашылық қызметін жүргізуге, оның ішінде Қазақстан Республикасы мен шет елдердің аумағында бірлескен кәсіпорындарды, халықаралық бірлестіктерді және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шет елдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуға құқылы.

**4.6.** Қоғам Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіппен облигацияларды және бағалы қағаздардың өзге де түрлерін шығаруға құқылы.

**4.7.** Қоғам Қазақстан Республикасында және шет елдерде өз филиалдары мен өкілдіктерін ашып, өзіндік мүлкі есебінен оларға негізгі және айналымдық қаражатты беріп және қолданыстағы заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін айқындайтын ережелерді бекіте алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі Қоғамның балансында есепке алынады.

**4.8.** Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметін басқаруды қоғамның сенімхат негізінде әрекет ететін уәкілетті органы тағайындайтын адамдары жүзеге асырады.

**4.9.** Қоғамның Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.

## **5. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛІКТЕРІ**

**5.1.** Қоғамның мүліктері Қоғамның қызметін қамтамасыз етуге, оның ішінде осындай қызметтен туындайтын Қоғамның міндеттемелерін қамтамасыз етуге арналған.

**5.2.** Қоғамның мүліктері төмендегі көздерден:

- Жарғылық капиталға жарналардан;
- қызметтен алынған кірістерден;
- бағалы қағаздардың кірістерінен;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған өзге де көздерден құралады.

## **6. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ**

**6.1.** Акцияларды төлеуге ақша, мүлiктiк құқықтар (оның iшiнде санаткерлiк меншiк объектiлерi), өзге де мүлiктер және жердi пайдалану құқығы енгiзiлуi мүмкiн.

**6.2.** Қоғамның Жарғылық капиталын ұлғайтуға акцияларды шығару және орналастыру жолымен Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес Акционерлердiң Жалпы жиналысының немесе соттың шешiмiмен жол берiледi.

## **7. ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

**7.1.** Қоғам акцияларды, облигацияларды, айырбасталатын және басқа да бағалы қағаздарды, оның iшiнде туынды қағаздарды шығаруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, тiркеудiң, орналастырудың тәртiбi Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалады.

**7.2.** Қоғам жай акцияларды не жай және артықшылығы бар акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Артықшылығы бар акциялар Қоғамның Жарғылық капиталының 25 (жиырма бес) пайызынан аспайтын көлемде шығарылуы мүмкiн.

**7.3.** Қоғамда шығарылатын артықшылық акциялары дивиденд алу құқығын бередi. Қоғамның артықшылық акциясы бойынша кепiлдi өлшемi 1 (бiр) акция үшiн 1 (бiр) теңгенi құрайды.

**7.4.** Қоғамның шығаратын және Қоғамның дивиденд түрiндегi кiрiсiнiң бөлiгiн алуға және Қоғамның iстерiн басқаруға қатысуға Акционердiң құқығын, сондай-ақ ол таралғаннан кейiн қалған оның мүлiктерiнiң бөлiгiне құқықты түрiне және санатына қарай куәлендiретiн бағалы қағазы акция болып табылады.

**7.5.** Қоғамның бағалы қағаздарын кепiлге салу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**7.6.** Жай акцияларға ие акционер кепiлге салу шартының шарттарымен өзгеше көзделмесе, өзi кепiлге салған акциясы бойынша дауыс құқығына ие.

**7.7.** Құжатсыз бағалы қағазға құқықтарды растауды Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тiзiлiмiнен көшiрменi немесе номинальды ұстаушының шотынан көшiрменi беру жолымен тiркеушi немесе номинальды ұстаушы жүзеге асырады.

**7.8.** Қоғам орналастырылған бағалы қағаздарды төмендегiдей жағдайларда кепiлге қабылдай алады:

- кепiлге берiлетiн бағалы қағаздар толық төленсе;
- Қоғамға кепiлге берiлетiн және Қоғамда кепiлде жатқан бағалы қағаздардың жалпы саны бағалы қағаздардың екiншi нарығында Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда Қоғамның орналастырылған акциясының 25 пайыздан азын құраса;
- кепiл туралы шартты Қоғамның Директорлар кеңесi мақұлдаса.

## **8. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРIНIҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МIНДЕТТIЛiКТЕРI**

**8.1.** Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын тәртiппен Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердiң заңды және/немесе жеке тұлғалары қоғамның Акционерлерi бола алады.

## **8.2. Акционерлердің:**

- 1) Қоғамды басқаруға осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіппен қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды алуға, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысы және осы Жарғымен айқындаған тәртіппен Қоғамның қаржылық есебімен танысуға ;
- 4) тізілім немесе номиналдық ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарын меншіктеуге құқығын растайтын көшірмелерді алуға;
- 5) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ұсынуға;
- 6) сот тәртібімен Қоғамның органдарының қабылдаған шешімдеріне қатысты дауласуға;
- 7) Қоғамға оның қызметі жайлы жазбаша сауалдармен қайырылуға және Қоғамға сауал салынған сәттен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе акцияларына айыбастырылатын басқа да бағалы қағаздарын басым түрде сатып алуға;
- 9) Қоғам тараған жағдайда қалған мүліктерінің бөлігін алуға құқылы.

**8.3. Жиынтығында Қоғамның дауыс берілетін акцияларының он және одан көп пайызын иеленетін ірі Акционерлер (өздерінің арасында жасалған келісімнің негізінде әрекет ететін акционер немесе бірнеше акционер) :**

- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы сотқа арызбен қайырылуға;
- 2) Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;
- 3) Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін өткізуді талап етуге құқылы.

**8.4. Акционерлердің Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа да құқықтары бар болуы мүмкін.**

## **8.5. Қоғамның акционерлері:**

- 1) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;
- 2) Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізіліміне қажетті мәліметтердің өзгергені туралы тіркеушіге және осы Акционерге тиеселі акциялардың номиналдық ұстаушысына он күн ішінде хабарлауға;
- 3) коммерциялық, қызметтік және өзгеше құпия болып табылатын Қоғамның қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге;
- 4) Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де міндеттіліктерді орындауға міндетті.

## **9. ҚОҒАМНЫҢ КІРІСІ**

**9.1. Қоғамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде алған кірістері Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасы бойынша салықтар төлегеннен кейін Қоғамның иелігінде қалады және Қазақстан Республикасы қолданыстағы**

заңнамасына және осы Жарғыға Қоғамның қорларын құру мен акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін пайдалануы мүмкін.

**9.2.** Қоғамда құрылатын қорларды белгілеу, мөлшерлері, құру тұжырымдары мен көздері және пайдалану тәртібі Акционерлердің жалпы жиналысы айқындайды.

**9.3.** Дивидендтерді төлеудің тәртібі және Қоғамның жыл сайын төлейтін жай акцияларына дивидендтердің шамасын айқындау Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді. Тоқсанның немесе жарты жылдың қорытындысы бойынша төленетін бір жай акцияға шаққандағы дивидендтердің мөлшерін Қоғамның Директорлар кеңесі белгілейді. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтерді төлеу Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда жылына кем дегенде бір рет жүргізіледі.

**9.4.** Акциялар бойынша дивидендтер артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда дивидендтерді төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс берілетін акцияларының жай көпшілігімен қабылданған жағдайда ақшамен немесе бағалы қағаздармен төленеді. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге осындай төлеу Қоғамның жарияланған акциялармен және оның шығарған облигацияларымен жүзеге асырылатын жағдайда Акционердің жазбаша келісімі бар кезде жол беріледі. Дивидендтерді алуға құқы бар акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу басталған күннің алдындағы күні жасалуы тиіс.

## **10. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУ МЕН ҚОҒАМНЫҢ АУДИТІ**

**10.1.** Қоғамның қаржылық есебі Қоғамның бухгалтерлік есебін, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есебі туралы заңнамасына сәйкес өзге де есептерді қамтиды. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін алуды жүргізудің және қаржылық есептерін ұсынудың тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есебі туралы заңнамасымен және бухгалтерлік есепке алудың стандарттарымен белгіленеді.

**10.2.** Қоғамның Президенті Акционерлердің жалпы жиналысына өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті талқылау мен бекітуге жыл сайын ұсынады. Жылдық қаржылық есеп Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есебі туралы заңнамасына сәйкес жасалады. Қоғамның жылдық қаржылық есебі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін отыз күннен кешіктірілмей Қоғамның Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатқызылады.

**10.3.** Қоғамның жылдық қаржылық есебін түпкілікті бекіту Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.

**10.4.** Қоғам жылдық қаржылық есепті уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде баспа басылымында жыл сайын жариялауға міндетті.

**10.5.** Қоғам жылдық қаржылық есептің аудитін жүргізуге міндетті.

**10.6.** Қоғамның аудиті Қоғамның есебінен Директорлар кеңесінің, Президенттің бастамасымен не ірі акционердің талабымен оның есебінен өткізілуі мүмкін. Қоғамның Президенті Қоғамның аудитін өткізуден бас тартса, аудит соттың шешімімен кез келген мүдделі адамның арыз-талабымен тағайындалуы мүмкін.

## 11. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ТІЗІЛІМІ

**11.1.** Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін қалыптастыруды, жүргізу мен сақтауды Қоғамның аффилиирлі тұлғасы және тұлғалары болмауы тиісті Қоғамның тіркеушісі ғана жүргізе алады.

**11.2.** Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін қалыптастырудың, жүргізу мен сақтаудың, сондай-ақ ол жөнінде ақпаратты уәкілетті органға берудің тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасымен белгіленеді.

**11.3.** Қоғам орналастырылатын акция толық төленгенге дейін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімінде осы акцияны оны сатып алушының есебінен есепке жатқызу туралы бұйрық беруге құқылы емес.

## 12. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

**12.1.** Қоғамның органдары:

- жоғарғы органы - Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы – Директорлар кеңесі;
- атқарушы органы – Президент.

## 13. АКЦИОНЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

**13.1.** Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды басқарудың жоғарғы органы болып табылады.

**13.2.** Қоғам Акционерлердің жылдық жалпы жиналыстарын жыл сайын өткізеді, Қоғам Акционерлерінің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталған соң бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Аталған мерзім есепті кезеңде Қоғам қызметі аудитінің аяқталуы мүмкін болмайтын жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің, ірі Акционердің бастамасымен шақырылады. Өз еркімен таратылу кезеңінде тұрған Қоғамның Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын сондай-ақ Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

**13.3.** Акционерлердің жалпы жиналысын ұйымдастыру мен өткізуді Қоғамның Президенті, Қоғамның тіркеушісі онымен жасалған шартқа сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесі, тарату комиссиясы жүзеге асырады.

**13.4.** Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлау Акционерлерге жазбаша хабарларды жіберу және/немесе баспалық басылымда хабарды жариялау жолымен ол өткізілгенге дейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

**13.5.** Әр Акционер Акционерлердің жалпы жиналыстарына өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхаты бар өкілі арқылы қатысуға құқылы. Қоғамның лауазымды адамдарының Акционерлердің жалпы жиналысында Акционерлердің өкілдері ретінде шығып сөйлеуге құқысы жоқ.

**13.6.** Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған сәтте жиынтығында Қоғамның дауыс берілетін

акцияларының елу және одан көбіне ие Акционерлер, оның ішінде сырттай дауыс беретін Акционерлер (немесе осындай Акционерлердің өкілдері) тіркелсе, шешім қабылдауға өкілетті болады. Өтпей қалғанның орнына өткізілген Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы қатысу үшін тіркеу аяқталған сәтте жиынтығында Қоғамның дауыс берілетін акцияларының қырық және одан көбіне ие Акционерлер, оның ішінде сырттай дауыс беретін Акционерлер оған тіркелсе, өкілетті болады.

**13.7.** Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына, осы Жарғыға, Қоғамның ережелері мен Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге құжаттарына не Акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешіміне айқындалады.

**13.8.** Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген Акционерлерді (өкілдерді) тіркеу жүргізіледі. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум бар болса, хабарланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлады. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудің – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) нысанын айқындайды. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлау мәселесі бойынша дауыс беру кезінде әр Акционердің бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысқандардың дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады. Қоғамның Президенті Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

**13.9.** Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және ол талқылауға шығарылған нақты қойылған мәселелердің толық тізбесін қамтуы тиіс. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібі Қоғамның Акционерлері толықтырулар туралы Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда ірі Акционермен немесе Директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс берілетін акцияларының жалпы санының дауыстарының көпшілігімен жүзеге асырылады. Қайтара (болмай қалғанның орнына) жиналыс өткізілетін жағдайда күн тәртібін өзгертуге болмайды.

**13.10.** Күн тәртібіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында Қоғамның дауыс берілетін акцияларының дауыстарының кемінде тоқсан бес пайызын ие Акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, олар күн тәртібіне енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша төмендегідей жағдайларды қоспағанда жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасы заңнамалық актілермен көзделген жағдайларда бір Акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың барынша санын шектеу;
- Директорлар кеңесін сайлау кезіндегі кумулятивтік дауыс беру;
- Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әр адамға Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір-бір дауыстан беру.

**13.11.** Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінде жасалуы және қол қойылуы және төмендегілерді қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауын және орналасқан жерін;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетін күнін, уақыты мен жерін;



- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс берілетін акцияларының саны туралы мәліметтерді;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің тәртібін;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының дауысқа қойылған күн тәртібінің әр мәселесі бойынша Акционерлердің дауыстарының жалпы санын;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқандардың сөйлеген сөздерін;
- 10) дауысқа қойылған мәселелерді, олар бойынша дауыс берудің нәтижелерін;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдерді.

Хаттамаға Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы, хатшысы, Жалпы жиналысқа қатысқан және дауыс берілетін акциялардың он пайызына және одан көбіне ие акционерлер және Қоғамның санақ комиссиясының мүшелері қол қояды.

**13.12.** Акционердің жалпы жиналысының айрықша құзырларына төмендегідей мәселелер жатады :

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу және оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қоғамды өз еркімен қайта ұйымдастыру және тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орнықтырылмаған жарияланған акцияларының түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау
- 4) санақ комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, мүшелерін сайлау мен өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғарту;
- 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, мүшелерін сайлау мен өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғарту, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақылардың мөлшері мен төлеудің шарттарын айқындау;
- 6) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 7) жылдық қаржылық есепті бекіту;
- 8) есептік қаржы жылы ішіндегі Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққанда дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 9) төмендегідей жағдайлар орын алғанда Қоғамның жай және артықшылығы бар акциялары бойынша дивидендтердің төленбеуі туралы шешім қабылдау:
  - өзіндік капиталдың мөлшері теріс болса немесе Қоғамның өзіндік капиталының мөлшері жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеудің салдарынан теріс болса;
  - Қазақстан Республикасының банкроттық туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғам төлеуге қабілетсіз немесе жарамсыз белгілеріне сай келсе не көрсетілген белгілер Қоғамда акциялары бойынша дивидендтерді төлеудің салдарынан пайда болса;
  - сот немесе Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысын оны тарату туралы шешім қабылдаса;
- 10) Қоғамның Қоғамның барлық активтерінің жиырма бес және одан көп пайыздары сомасын құрайтын Қоғамның активтерінің бөліктерін немесе бірнеше бөліктерін беру жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;

- 11) Қоғамның акционерлеріне Жалпы жиналысының алдағы уақытта шақырылатыны туралы хабарлаудың нысанын айқындау және осындай ақпаратты баспалық басылымда орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 12) бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес оларды Қоғамның төлеп алуы кезіндегі акциялардың құнын айқындау әдістемесін бекіту;
- 13) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 14) Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды акционерлерге берудің, оның ішінде баспалық басылымды белгілеудің тәртібін айқындау;
- 15) «алтын акцияны» енгізу мен күшін жою;
- 16) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен шешімдерді Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырына жатқызылған өзге де мәселелер.

Осы тармақтың 1) - 3) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс берілетін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады. Басқа мәселелер бойынша шешімдер дауыс беріге қатысатын Қоғамның дауыс берілетін акцияларының жалпы санының дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады.

**13.13.** Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

**13.14.** Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын Акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), не Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей-ақ қолданылуы мүмкін.

**13.15.** Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдер Акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады). Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысына ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекеленген Акционерлерге іріктеп жіберуге құқылы емес. Дауыс беруге арналған бюллетень Акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға Акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісі өткізілетін күнге дейін қырық бес күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей сырттай дауыс беруді өткізу кезінде Акционерлерінің саны бесжүз болатын және одан асатын Қоғам баспалық басылымда Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабармен бірге Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді жариялауға міндетті.

**13.16.** Сырттай дауыс беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптар сақталуы тиіс.

## **14. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

**14.1** Директорлар кеңесі - Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырына жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы.

**14.2.** Директорлар кеңесінің айрықша құзырына төмендегі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) Қоғамның акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

- 3) Қоғамның акцияларды орнықтыруы (сатылуы) туралы және жарияланған акциялардың саны шегінде оларды орнықтыру (сатылу) саны, тәсілі және бағасы туралы шешімдер қабылдау
  - 4) Қоғамның орнықтырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау
  - 5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
  - 6) жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеп алу шешім қабылдау және есептік қаржы жылы ішінде төленетін дивидендтерді қоспағанда бір жай акция үшін дивидендтің мөлшерін айқындау;
  - 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығарудың шарттарын айқындау;
  - 8) Қоғамның Президентін сайлау мен оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын доғарту, лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбек ақысын төлеу мен сыйақы беру шарттарын айқындау;
  - 9) ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбек ақысын төлеу мен сыйақы беру шарттарын айқындау;
  - 10) бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызметіне ақысын төлеудің мөлшерін айқындау;
  - 11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту;
  - 12) Қоғамның филиалдары және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
  - 13) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға және қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
  - 14) Қоғамның міндеттемелерін өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан асатын пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
  - 15) бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда Қоғамның тіркеушісін сайлау;
  - 16) сипаты құпиялы және Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпараттарды айқындау;
  - 17) ірі мәмілелерді және жасалынуына Қоғам мүдделі болып отырған мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
  - 18) Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен және/немесе осы Жарғымен көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырына жатпайтын өзге де мәселелер;
- 14.3.** Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзырына жатқызылған мәселелерді Қоғамның Президентінің шешуіне беруге болмайды. Директорлар кеңесі Қоғамның осы Жарғысына сәйкес Президенттің құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.
- 14.4.** Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалады.
- 14.5.** Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды және Қоғамның Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын доғартылған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіппен оларды қайта сайлайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің алдындағы мүшесінің өкілеттіктері мерзімі Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі сайланған Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген сәтте аяқталады.

**14.6.** Қоғамның акционері емес Акционердің мүдделерін ұсынушы ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған адам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдардың саны Директорлар кеңесінің құрамының елу пайызынан аспайтын болуы тиіс.

Қоғамның Президенті бір мезгілде Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы бола алмайды.

**14.7.** Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар мәртелік саны шектелмей, қайта сайлана алады.

**14.8.** Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы жасырын дауыс беру арқылы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының дауыстарының көпшілігімен оның мүшелері қатарынан сайланады.

Қоғамның Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің Төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы. Шешім қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады.

**14.9.** Төраға Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның Директорлар кеңесі мәжілістерін шақырады және оларда төрағалық етеді, мәжілістерде хаттаманың жүргізілуін Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен ұйымдастырады.

**14.10.** Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілістері Төрағасының бастамасы, Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның, сонымен бірге ірі Акционердің талабы бойынша шақырылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру мен өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен айқындалады.

**14.11.** Қоғамның Директорлар кеңесі мәжілісінде Қоғамның Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің кемінде жартысы қатысып отырса, шешім қабылдауға өкілетті болады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісінде шешімдер Қоғамның Директорлар кеңесінің қатысып отырған мүшелерінің дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады. Қоғамның Директорлар кеңес мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Төрағаның дауысы шешуші дауыс болады.

## **15. ҚОҒАМНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ**

**15.1.** Президент Қоғамның ағымдық қызметіне басшылық жасауды жүзеге асырады. Қоғамның Президенті Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

**15.2.** Президент Қоғамның атынан әрекет етеді, оның ішінде оның мүдделерін ұсынады, Қоғамның атанан Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіппен мәмілелер жасасады, штаттарды бекітеді, шешімдер (қаулылар) шығарады және Қоғамның барлық жұмыскерлерінің орындауы міндетті болатын нұсқауларды береді.

**15.3.** Қоғамның Президентін, оның өкілеттерін тағайындау, сондай-ақ өкілеттерін мерзімінен бұрын доғарту Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

**15.4.** Қоғамның Президенті бес жыл мерзіммен сайланады. Акционер немесе Қоғамның Акционер емес жұмыскері Президент бола алады. Қоғамның Президенті шектелмеген мәртемен қайта сайлана алады.

**15.5.** Қоғамның Президенті құзырына Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің айрықша құзырына жатпайтын, осы Жарғымен немесе Қоғамның Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған ережелермен және өзге де құжаттарымен айқындалған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес Президенттің Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен көзделген Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері, оның ішінде төмендегілер жатады:

- 1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басшыларын лауазымға тағайындайды және одан алады;
- 2) Акционерлерге Акционерлердің әкімшілік, қаржы және техникалық салалардағы қызметтерін пайдаланудың ең тиімді жолдарын айқындау жолымен Қоғамның қызметіне қатысу бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауына жәрдемдесу;
- 3) арнайы, оның ішінде инвестициялық шешімдерді қабылдаумен және жүзеге асырумен айналысатын бөлімшелерді құру, осы бөлімшелерге, сондай-ақ үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғамның Президентіне жататын өкілеттіктерді беру;
- 3) Қоғамды дамыту жобаларын және басқа міндеттерді орындау;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің жобасын дайындау, хабарламаларды таратып салу, Акционерлердің жалпы жиналысын шақырумен және өткізумен байланысты барлық басқа ұйымдық мәселелерді шешу;
- 5) Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалған Қоғамның басқа органдарның айрықша құзырына жатпайтын барлық басқа мәселелерді шешу.

**15.6.** Қоғамның Президенті:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамды ұсыну құқұғына сенімхат береді;
- 4) Қоғамның жұмыскерлерін қабылдау, басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза салады, Қоғамның жұмыскерлерінің лауазымдық жалақыларын және жалақыларына дербес үстеме ақыларды Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес белгілейді, Қоғамның жұмыскерлеріне сыйақылардың мөлшерлерін айқындайды.
- 5) заңнамамен және осы Жарғымен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **16. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТ БЕРУІНІҢ ТӘРТІБІ**

**16.1.** Қоғам өз Акционерлерінің назарына Қоғамның Акционерлерінің мүдделерін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

**16.2.** Қоғамның Акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат деп мыналар танылады:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдерді орындау туралы ақпарат;
- 2) Қоғамның акцияларды және басқа да бағалы қағаздарын шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыруының қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеуінің қорытындылары туралы есептерді бекітуі, Қоғамның бағалы қағаздарының күшін уәкілетті органның жоюы;
- 3) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі болып отырған мәмілелерді жасауы
- 4) Қоғамның Қоғамның өзіндік капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерінде қарызды алуы;
- 5) Қоғамның қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға лицензияларды алуы, Қоғамның қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға бұрын алған лицензияларының күшін тоқтата тұру немесе доғарту;
- 6) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;
- 7) Қоғамның мүлкін тұмшалау;
- 8) баланстық құны Қоғамның активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдаяттардың басталуы;
- 9) Қоғамды және оның лауазымды адамдарын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 10) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер.

**16.3.** Акционерлердің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпараттар Қоғам Директорымен акционерден осындай ақпаратты ұсыну туралы жазбаша өтінішті алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей осы ақпаратты «Казахстанская правда», «Юридическая газета» газетінде жариялау арқылы ұсынылады.

**16.4.** Қоғамның аффилиирленген тұлғалары:

- 1) ірі акционер;
- 2) қоғамның ірі акционері, не болмаса лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен жақын туыстығы (ата-анасы, ер және әйел бауыры, ұлы, қызы) бар, некеде тұрған, сондай-ақ жекжаттығы бар (жұбайының ана-анасы, ер және әйел бауыры, ұлы, қызы) жеке тұлға;
- 3) қоғамның немесе осы тармақтың 1), 4) - 9) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы;
- 4) қоғамның ірі акционері, не болмаса лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлғаның бақылау астындағы заңды тұлға;
- 5) қоғамның ірі акционері немесе лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлға ірі акционері болып табылатын, не болмаса мүлкіндегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;
- 6) қоғам ірі акционері болып табылатын, не болмаса мүлкіндегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;
- 7) қоғаммен бірге үшінші тұлғаның бақылауы астындағы заңды тұлға;
- 8) қоғам қабылдайтын шешімдерді анықтауға құқығы бар, қоғаммен шарт арқылы байланысқан тұлға;
- 9) өз бетінше немесе өзінің аффилиирленген тұлғаарымен бірлесіп қоғамның, не болмаса осы тармақтың 1), 4)-8) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін, пайдаланатын, оларға билік ететін тұлға;

10) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын өзге тұлға.

**16.5.** Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

**16.6** Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар және/немесе Қоғамның тіркеушісі (тек Қоғамның ірі акционерлері болып табылатын тұлғаларға қатысты) беретін мәліметтердің негізінде жүргізеді.

**16.7.** Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғаларының өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсынуының тәртібі:

Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздері мен өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты Қоғаммен аффилиирлілік пайда болған күннен бастап жеті күнтізбе күні ішінде аффилиирленген тұлға анкетасын толтыру арқылы береді.

Өздері және/немесе өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы бұрын берілген деректерде қандай да бір өзгерістер және/немесе толықтырулар пайда болған жағдайда, акционерлер мен лауазымды тұлғалар тиісті өзгеріс және/немесе толықтыру пайда болған күннен бастап жеті күнтізбе күні ішінде Қоғамға жаңартылған ақпараты бар аффилиирленген тұлға анкетасын ұсынуға міндетті.

Аффилиирленген тұлға анкетасының типтік нысаны Директордың бұйрығымен бекітіледі.

**16.8.** Қоғам Уәкілетті органға өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.

**16.9.** Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлілік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға ұсынуға міндетті.

**16.10.** Қоғамның қызметіне қатысты оның құжаттары Қоғам тарапынан Қоғамның атқарушы органы орналасқан жер бойынша оның бүкіл қызмет мерзімі бойынша сақталуға жатады.

## 17. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ТАРАТУ

**17.1.** Қоғамды тарату Республикасы заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда Акционерлердің жалпы жиналысының немесе сот органдарының шешімімен жүргізіледі. Қоғамды қайта ұйымдастыру біріктіру, қосу, бөлу, ажырату, қайта құру жолымен жүзеге асырылады.

**17.2.** Қоғам бірігу нысанында қайта ұйымдастыруды қоспағанда жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды тіркеу сәтінен бастап қайта ұйымдастырылған болып есептеледі.

**17.3.** Тарату комиссиясы (сот немесе оның тағайындаған адамы) Қоғамды алдағы уақытта тарату және несиегерлердің шағымды мәлімдеуінің мерзімдері туралы ресми баспасөзде көпшілік алдында хабарлама жасайды.

**17.4.** Қоғамды тарату туралы хабарлама тіркеуші органға Акционерлердің жалпы жиналысының немесе соттың Тарату комиссиясының есебін және тарату балансын бекіткен сәтінен бастап (ерікті түрде таратылған жағдайда) бір апталық мерзім ішінде жіберіледі.

17.5. Қоғам мемлекеттік тізілімде жазу жазылған сәттен бастап таратылған болып есептеледі.

## **18. ТАРАТУ КОМИССИЯСЫ**

18.1. Акционерлердің жалпы жиналысы тарату комиссиясының құрамын тағайындайды және оған Қоғамды басқару өкілеттіктерін береді.

18.2. Тарату комиссиясы Қоғамның атынан әрекет етеді және осы Жарғымен және Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен көзделген өкілеттіктерін жүзеге асырады.

## **19. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

19.1. Осы Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болып қалса, бұл басқа ережелерді қозғамайды. Жарамсыз ереже заңдық жағынан жол берілетін және тиісті қатынасты реттейтін ережемен ауыстырылады.

19.2. Осы Жарғыға Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістер мен толықтырулар Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен енгізілуі мүмкін.

19.3. Осы Жарғымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

## **20. КҮШІНЕ ЕНУІ**

20.1. Осы Жарғы мемлекеттік қайта тіркеуден өткен сәтінен бастап күшіне енеді.

**“ЗАҢҒАР” Қазақ  
Республикалық Сауда Үйі”  
акционерлік қоғамы  
акционерлерінің атынан**

**О.Ю. Рахманкүлова**